

## **Қазақстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы арасындағы үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесінің ауданы туралы шартты ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 5 қарашадағы № 190-VI ҚРЗ.

2017 жылғы 10 қарашада Самарқандта жасалған Қазақстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы арасындағы үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесінің ауданы туралы шарт ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Н. НАЗАРБАЕВ*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ, ТҮРІКМЕНСТАН ЖӘНЕ ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ҮШ МЕМЛЕКЕТТІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАЛАРЫНЫҢ ТҮЙІСУ НҮКТЕСІНІҢ АУДАНЫ ТУРАЛЫ ШАРТ**

Бұдан әрі Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы,

өзара құрметтеу, егеменді теңдік және аумақтық тұтастық қағидаттарын басшылыққа ала отырып,

үш мемлекеттің Мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесінің орналасқан жерін айқындау және түйісу нүктесі ауданындағы Мемлекеттік шекараларды межелеу мақсатында,

төмендегілер туралы уағдаласты:

### **1-БАП**

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар бұдан әрі түйісу нүктесі деп аталатын Қазақстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесінің орналасқан жерін айқындады,

Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан түйісу нүктесінен Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы мемлекеттік шекара сызығы өтуінің сипаттамасында (2001 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасын делимитациялау және оны демаркациялау процесі туралы шартқа 1-қосымша) айтылған № 1 шекаралық нүктеге дейінгі Қазақстан-Түрікменстан Мемлекеттік шекарасы сызығының өтуін айқындады,

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы түйісу нүктесінен Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Мемлекеттік шекара сызығы

өтуінің сипаттамасында (2001 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Қазақстан-Өзбекстан Мемлекеттік шекарасы туралы шартқа 1-қосымша) айтылған № 125 шекаралық нүктеге дейінгі Қазақстан-Өзбекстан Мемлекеттік шекарасы сызығының өтуін айқындады.

Түрікменстан мен Өзбекстан Республикасы түйісу нүктесінен Түрікменстан мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Мемлекеттік шекара сызығы өтуінің сипаттамасында (2000 жылғы 21 қыркүйектегі Түрікменстан мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Мемлекеттік шекараны делимитациялау туралы шартқа № 1-қосымша) айтылған № 206 шекаралық нүктеге дейінгі түрікмен-өзбек Мемлекеттік шекарасы сызығының өтуін айқындады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар осы Шартқа қоса беріліп отырған және оның ажырамас бөлігі болып табылатын Қазақстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесінің орналасқан жерінің және түйісу нүктесі ауданында Мемлекеттік шекаралар сызықтары өтуінің сипаттамасын (1-қосымша) жасады.

## 2-БАП

Түйісу нүктесінің орналасқан жері және Мемлекеттік шекаралардың түйісу нүктесіне жалғасып жатқан сызықтары әрбір Мәртебелі Уағдаласушы Тарап үшін орыс тілінде әзірленген, осы Шартқа қоса беріліп отырған және оның ажырамас бөлігі болып табылатын бірлесіп жасалған, масштабы 1:100 000 топографиялық картаға (2-қосымша) түсірілді.

## 3-БАП

Осы Шарт ратификациялануға жатады және ратификациялау грамоталарын алмасқан күннен бастап күшіне енеді.

Осы Шарт мерзімсіз болып табылады және денонсациялауға жатпайды.

2017 жылғы 10 қарашада Самарканд қаласында әрқайсысы қазақ, түрікмен, өзбек және орыс тілдерінде үш данада жасалды,

Осы Шарттың ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН</b>	<b>ТҮРІКМЕНСТАН ҮШІН</b>	<b>ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН</b>
--	------------------------------	--

Қазақстан Республикасы,  
Түрікменстан және  
Өзбекстан Республикасы  
арасындағы үш мемлекеттің  
Мемлекеттік шекараларының  
түйісу нүктесінің ауданы

## **Қазақстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесінің орналасқан жерінің және түйісу нүктесі ауданында Мемлекеттік шекаралар сызықтары өтуінің СИПАТТАМАСЫ**

Бұдан әрі түйісу нүктесі деп аталатын Қазақстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы Мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесі Қапланқыр шыңынан оңтүстікке қарай Шорқазақлы сортаңының солтүстік бөлігінде орналасқан.

Бұл түйісу нүктесі Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, 174.4 белгісі бар геодезиялық пункттен оңтүстік-оңтүстік-шығысқа қарай 12 319 метрде, Өзбекстан Республикасы аумағында орналасқан, 170.2 белгісі бар геодезиялық пункттен оңтүстікке қарай 7 806 метрде және Түрікменстан аумағында орналасқан, 13.2 белгісі бар геодезиялық пункттен солтүстік-шығысқа қарай 10 498 метрде орналасқан.

Түйісу нүктесіне қатысты дирекциондық бұрыш 174.4 белгісі бар геодезиялық пункттен  $152^{\circ}01'.6$ -ға тең, 170.2 белгісі бар геодезиялық пункттен  $187^{\circ}07'.9$ -ға тең және 13.2 белгісі бар геодезиялық пункттен  $43^{\circ}05'.8$ -ге тең.

Түйісу нүктесінің мынадай:

геодезиялық: солтүстік ендіктің  $B = 41^{\circ}19' 11''$

шығыс бойлықтың  $L = 56^{\circ}00'00''$

тік бұрышты:  $X = 4\ 576\ 644$  м,

$Y = 10\ 416\ 271$  м. координаталары бар.

Қазақстан-Түрікменстан Мемлекеттік шекарасы түйісу нүктесінен батыс бағытқа қарай Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Мемлекеттік шекара сызығы өтуінің сипаттамасында (2001 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Қазақстан-Түрікменстан Мемлекеттік шекарасын делимитациялау және оны демаркациялау процесі туралы шартқа 1-қосымша) айтылған № 1 шекаралық нүктеге дейін ұзақтығы 0.28 км болатын тік сызықпен өтеді.

Қазақстан-Өзбекстан Мемлекеттік шекарасы түйісу нүктесінен солтүстік бағытқа қарай шығыс бойлықтың  $56^{\circ}00' 00''$  меридианы бойынша Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Мемлекеттік шекара сызығы өтуінің сипаттамасында (2001 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Қазақстан-Өзбекстан Мемлекеттік шекарасы туралы шартқа 1-қосымша) айтылған № 125 шекаралық нүктеге дейін ұзақтығы 1.50 км болатын тік сызықпен өтеді.

Түрікмен-өзбек Мемлекеттік шекарасы түйісу нүктесінен шығыс бағытқа қарай Түрікменстан мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Мемлекеттік шекара сызығы өтуінің сипаттамасында (2000 жылғы 21 қыркүйектегі Түрікменстан мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Мемлекеттік шекараны делимитациялау туралы шартқа № 1 қосымша) айтылған № 206 шекаралық нүктеге дейін ұзақтығы 1.75 км болатын тік сызықпен өтеді.

Бұдан әрі Мемлекеттік шекаралардың сызықтары тиісті екіжақты шарттарда айқындалғандай түрде өтеді.

Түйісу нүктесінің орналасқан жері бірлесіп жасалған, масштабы 1:100 000 топографиялық картада қызыл түсті шеңбермен көрсетілген.

Мемлекеттік шекаралардың түйісу нүктесіне жалғасып жатқан сызықтары да бірлесіп жасалған топографиялық картада қызыл түспен белгіленген.

Осы Сипаттамада көрсетілген арақашықтықтар, дирекциондық бұрыштар, биіктіктер белгілері, сондай-ақ түйісу нүктесінің геодезиялық және тік бұрышты координаталары бірлесіп жасалған топографиялық карта бойынша айқындалған. Координаталар - 1942 жылғы Координаталар жүйесінде, ал белгілер Балтық биіктіктер жүйесінде келтірілген.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**Бұдан әрі Шарттың түрікмен және өзбек тілдеріндегі мәтіні берілген.**